

Б.А. Аманиязова¹

*¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, оқытушы
Ақтөбе, Қазақстан*

БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАҒАНДАНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН МЕДИА МӘДЕНИЕТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР

Аңдатпа

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының алдында тұрған бірден-бір өзекті тапсырма, ол әрине, жоғары дәрежеде білім беру сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында ең алдымен білім беру жүйесі жаңа сапалы сатыға көтерілуі тиіс екендігін айтты. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстан медиа мәдениет контексіндегі білім берудің теориялық-методологиялық мәселелерінің ерекшеліктерімен орны қарастырылады. Медиа мәдениет талабындағы қашықтан оқытуды дамытуға медиа білім берудің ықпалы көрсетіледі.

Түйін сөздер: жаһандану, құндылық, ықпалдастық, қатынас, әлем, заман, білім, медиа, дүние таным.

Amaniyazova B.A.¹

*¹Aktobe State Regional University named after K.Zhubanov, teacher
Aktobe, Kazakhstan*

PHILOSOPHY OF EDUCATION: NEWS AND MEDIA IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION OF CULTURE

Abstract

The only urgent task facing universities today is, of course, to ensure the highest quality of education. In his annual Address to the Nation, the First President Nursultan Nazarbayev said that, first of all, the education system should be raised to a new level. The proposed article considers the role of theoretical and methodological issues of education in the context of media culture in Kazakhstan. The impact of media education on the development of distance learning in the context of media culture is reflected.

Keywords: globalization, values, influence, attitude, world, time, knowledge, media, worldview

Б.А. Аманиязова¹

*¹Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, преподаватель
Ақтөбе, Қазақстан*

ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: ИННОВАЦИИ В УСЛОВИЯХ ТРЕБОВАНИЙ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И МЕДИА КУЛЬТУРЫ

Аннотация

Единственная актуальная задача, стоящая сегодня перед университетами, - это, конечно, обеспечение высочайшего качества образования. В своем ежегодном Послании народу Первый Президент Нурсултан Назарбаев сказал, что, прежде всего, необходимо поднять на новый уровень систему образования. В предлагаемой статье рассматривается роль теоретико-методологических вопросов образования в контексте медиакультуры в Казахстане. Отражено влияние медиаобразования на развитие дистанционного обучения в контексте медиакультуры.

Ключевые слова: глобализация, ценности, влияние, отношение, мир, время, знание, медиа, мировоззрение

Кіріспе Қазіргі ақпаратты жеткілікті шындықта ғылым, жаңару үдерістері, білім, ақпараттық технологиялар ерекше мәнге ие болып жатырған жаңа өзгерістер жүзеге асуда. Ғылымдар ықпалдастығы, жаңалықтары, білім мен ақпараттық технологияның бірігуі білім негізінде жүзеге асып, тек әлеуметтік шындықты өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар адамның әлемге қатынасын, оның дүниетанымын, санасын, құндылықтық талаптарын және адамның мәдени бейімделуі мен әлеуметтенуіндегі әлеуметтік институттардың рөлін өзгертті. Адамның мәдени бейімделуі мен әлеуметтенуінің күрделі үдерісінде белсенді қатыналатын көптеген әлеуметтік

институттардың ішінде жоғары білім беру институтының орны ерекше. Қазіргі заман талабында жоғары білім беру жүйесі адам жаңа өмір- медиамәдениетке өту процесіндегі жетекші мәдени институттардың бірі болып табылады. Қазіргі медиа білім беру теоретиктерінің бірі, британ ғалымы және педагог Л.Мастерман қазіргі әлемдегі медиа білім беру өзектілігінің жеті себебін анықтайды:

- 1) Медиа қолданудың жоғары деңгейі мен қазіргі қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының көптігі.
- 2) Медианың идеологиялық маңыздылығы және олардың аудитория санасына ықпалы.
- 3) Медиалық ақпарат санының тез өсуі, оны басқару механизмдерінің күшеюі мен оның таралуы.
- 4) Негізгі демократиялық үдерістерге медианың ену қарқындылығы.
- 5) Барлық салаларда визуалды коммуникация мен ақпараттың мәнінің жоғарылауы.
- 6) Болашақ талаптарға сәйкес болу бағдарын еске ала отырып, мектеп оқушылары мен студенттерді оқыту қажеттілігі.

7) Ақпаратты жекелендірудің өсіп келе жатырған ұлттық және халықаралық үдерістері. [Masterman L London: Comedia Publishing Group Teaching the Media. 1985, - 341 p]

Қазақстан үшін қоғамның инновациялық жаңғыруы мен модернизациялану бағдарламаларының орындалуы кезеңінде ең маңыздысы білім беру саясатын, оның ішінде жоғары білім беруді жетілдіру болып табылады. Бұл қоғамға тек инновациялық технологиялар, модернизацияланған өндіріс қажеттілігінен емес, сонымен қатар жаңа дүниетаным мен инновациялық білімге негізделген қазіргі әлеуметтік мәдени кеңістікте жұмыс жасай алатын мамандарға қажеттіліктен туындап отыр.

Негізгі бөлім Қазіргі білім беру саясаты білімді, іскер, бастамашыл, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауы қажет. Тәуелсіз 28 жыл ішінде Қазақстанда білім беру саясатында сапалық өзгерістер болды. Атап айтсақ; ҰБТ, мемлекеттік несие, гранттық қолдау жүйелері енгізілді. Білім беру саясатындағы бұл реформалардың барлығы кәсіби білімді, мәдени бейімделуді, жүзеге асыру мүмкіндіктері бар маман түріндегі интеллектуалды капиталды қалыптастыру талаптарын жасауға бағытталған. Бұл үдерісте тек білім емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтар, рационалдық дүниетаным маңызды рөл атқарады. Маңызды сұрақ қазақстандық қоғам модернизациясы, жаһандану талаптары жағдайында білім берудің, білім беру саясатының жаңа теориялық-методологиялық деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі ұлттық мәдениет ерекшеліктерімен білім берудің батыс моделінің құндылықтық аспектілерін келістіру міндеті болып табылады. Бұл міндеттің өте маңызды бөлігі - білім беру бағдарламаларының қатысуымен толеранттық-ниеттестік принципін тасымалдау. Бұл міндетпен қатар жастар үшін және тұтас қоғам үшін өте мәнді болып табылатын этномәдени бірегейлікті сақтап қалу туралы сұрақ өткір тұр. Бұл міндет мәдени бейімдеуші рөлін атқаратын ғана емес, сонымен қатар жас адамның мәдени әлеуметтенуінде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени институт ретінде білім беру саясатымен тығыз байланысты. Мәдени құндылықтарды және әлеуметтік қатынастар мен мәдени коммуникация серіктестерін тасымалдауда мәдениеттану, этномәдениеттану, әлемдік көркем мәдениет, қазақ мәдениетінің тарихы, тарихи ғылымдар маңызды рөл атқарса, дүниетанымның және дүниеге қатынастардың қалыптасуында философия, дін тарихы маңызды рөл атқарады. Бұл пәндердің танымдық және құндылықтық- тәрбиелік қызметі, бұл ғылымдардың білім қоры жастарға түрлі мәдени, этникалық қауымдастықтарды таныстырып, біздің ғаламшарымыздың халықтарының мәдениеттерінің көптүрлілігі туралы көрінісін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өз этникалық мәдениетінің ерекшелігі туралы білім шеңберін кеңейтіп, өз ұлттық қайнарына, дәстүрлері мен тіліне қызығушылығын қалыптастырады [Нарбекова Г. Образовательная политика Республики Казахстан: проблемы и перспективы // Аль-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. - Алматы, № 2 (38) /2012, - с.104].

Қазақстанда бірқатар жылдар бойы жүргізілген жоғары білім беру реформасы жаһандану талаптарына жауап беретін жағдай жасайтын негіздерді қалыптастыруға бағытталды. Осыған байланысты білім берудің жаңа стандарттары енгізіліп, өзіндік білім алу үлесі кеңейді. Зерттеу міндеттерімен, міндеттерді жаңаша қоюмен, жобаларда студенттердің қатысуымен, практикада қойылған міндеттерді шешу тәсілдерін жүзеге асырудың жоғары үлесімен байланысты «learning» жаңа креативтік әдіснаманы іздеуге бағытталған міндет жүзеге асырылды. Жаңа білім беру міндетін бұлай қою бірқатар теориялық-методологиялық және оқу-методикалық мәселелерді өзекті етті. Олардың арасында методикалық және педагогикалық тұрғыдан жаңа білім беру алғышарттары, құндылықтық бағдарлар, дүниетанымдық талаптар, когнитивтік міндеттер алдындағы философиялық рефлексия. Жаһандану мен қоғам модернизациясы талаптарында білім берудің жаңа парадигмаларын қайта қарау міндеті пайда болады. Қазақстанда алғаш рет білім берудің 3 сатылы үздіксіз жүйесі (бакалавриат, магистратура, PhD) енгізілді. Жоғары білім беру жүйесіне студенттердің академиялық мобилділігі енгізілді. Алыс шетелдерге жазғы семестрге жіберілген алғашқы студенттер магистранттар болатын. Алғашқы магистранттар шет елдерге 15 күндік оқу мерзімімен, кейін 1 ай, одан кейін бір немесе одан да артық семестрлерге жіберілді. Жоғары оқу орындарында сонымен қатар жаңа жүйе – дистанциондық (алыстан) оқыту енгізілуде.

Қазіргі адамның «Dasein» ұғымы, оның күнделікті тәжірибесі- едіа арқылы жаңалықтар алу, тәжірибе мен білім алмасу тәжірибесі, медиа арқасында мүмкін болатын демалыс, көңіл көтеру, шығармашылық тәжірибесі, қарым-қатынас тәжірибесі-барлығы бұқаралық медиа мен медиа техникамен: дербес компьютермен, теледидармен, мобилді телефонмен және т.б. байланысты. Ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, білім берудің қазіргі және жақын болашақтағы шығаруға тиіс мәдениет пен өркениет түрі бүгінгі күні медиа саламен тығыз байланысты, сондықтан білім беру философиясы бастапқы мәдени құндылықтар мен білім беру мен тәрбиенің негізін қалаушы дүниетанымдық талаптарды шығарумен айналыса отырып, өзінің басым мүдделер саласында

медиа мәдениетті енгізуге тиіс. [Возчиков В.А. Философия образования и медиакультура информационного общества.- Автореф. дисс. д.филос.н.- СПб., 2007.- С.4].

Медиа білім беру нәтижесі аудиторияның медиа біліктілік/ медиа сауаттылық деңгейін көтеру болып табылады. Медиа біліктілік көп қырлы және білімнің дамыған құрылымына негізделген кең дамуды талап етеді. Адамның медиа білімінің дамуының мәнді элементі оның өзінің жеке медиа өнімін жасауы, яғни жедел талқылауға түсетін жеке медиа мәтіндері, түрлі қалалар мен елдердегі интернет пайдаланушылармен виртуалды пікір алмасу, пікірталас жүргізу болып табылады. Медиа білім медиа әлеуметтену және жеке адамның даму факторы ретінде қазақстандық жастардың коммуникацияның виртуалды түрлерін, интернет-технологияларды таңдай отырып өз медиа таңдауын ауыстырды. Олар өздерінің жеке медиаларын жасай отырып, ақпараттық кеңістікте өз адамгершілік өлшемдерін, жауапкершіліктің жаңа өлшемін орнататын кеңістік қалыптастыруда. Бұл жаһандану концепциясының кең спектрінің пайда болуына алып келді. Халықаралық қатынастар теориясы тұрғысынан жаһандану ең жалпы мағынасында бір, тұтас, әмбебап социумның қалыптасуына әкелетін мемлекеттік шекаралардың немесе бірқатар үдерістердің ашылу үдерісі ретінде анықталуы мүмкін. Оның негізінде қазіргі әлемдік жүйенің жаһандық кеңеюіне әкелетін географиялық және экономикалық факторлардың өзгерістері жатыр. Г.Киссинджер, халықаралық жүйенің қазіргі жағдайын суреттей келе балай дейді: «бұрын ешқашан әлемдік тәртіптің құрамдас бөлшектері, олардың өзара әрекет ету қабілеттері мен мақсаттары дәл осылай терең де, жаһандық тұрғыдан өзгерген емес» [ҚР Білім беру мен Ғылым Министрлігінің философия және саясаттану Институтының докторанты Р.А.Нуртазинаның «Международный опыт интеграции образования: интеграция образования Казахстана в условиях глобализации» ғылыми еңбегі].

Қазіргі жаһандық мәселелерді әлемнің барлық мемлекеттерінің біріккен күштерімен ғана шешуге болады. Халықаралық қоғамдастық адамзатты құтқарудың өзегі болуға тиіс. Ол үшін әлеуметтік үрдістерді ұлттық, жаһандық деңгейде басқарудың өте жоғары деңгейі қажет. Басқаруды жетілдіру маңызды жаһандану мәселелерінің біріне айналды. Ол оның мемлекет, халықаралық ұйымдар, білім беру саясаты, заң шығару құқығы сияқты құралдарының рөлін жоғарылатты. Жаһандану мәселесіне қоғам мен мемлекетте болып жатырған өзгерістер бақылап отыратын экономистер, әлеуметтанушылар, философтар, заңгерлер, саясаттанушылар көп көңіл бөледі. Өкінішке орай, ғалымдар мемлекеттің білім беру саясатының жаһандану мәселесіне тиісті қызығушылық танытпады. Ал қазіргі халықаралық білім беру жүйесінің әр саласы белгілі бір дәрежеде жаһандық мәселелермен байланысты. Білім берудің мемлекеттік саясатына жаһанданудың ықпалын зерттеумен белгіленген жағдай алаңдатушылық туғызбай қоймайды, себебі бұл ықпал қарқынды өсіп, мемлекеттің сипаты мен қызметтеріне әсер етуде. Жаһандану талабында қоғам мен мемлекеттің дамуының басымдығы ретінде білімді түсіну білім беру дамуының келешегіне бағытталған ірі халықаралық конгрестердің өткізілуіне себепкер болды. 1997 ж., Торанто (Канада)- білім беру жүйесі мен ақпараттық қоғам өзара әрекетінің мәселелері бойынша дүниежүзілік конференция; 1998 ж., Париж (Франция)-жоғары білім беру бойынша алғашқы дүниежүзілік конференция; 1999 ж., Сеул (Корея)- кәсіби-техникалық білім беру бойынша екінші дүниежүзілік конференция; 2000 ж., Дакар (Сенегал)- мектептегі білім беру бойынша дүниежүзілік конференция. Бұл форумдардың күн тәртібінде жаһандану талабындағы адамзат қоғамдастығының тұрақты дамуы білім беруге тең қол жетуі, оның сапасын жоғарылату, білім беру саласында белсенді халықаралық біріккен ынтымақтастық жағдайында қол жеткізу мүмкін деген идея болды.

XXI ғасыр-жаһандық жаналықтар ғасыры ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасымен деңгейін көтеруде айрықша маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда егеменді еліміз оқу-ағарту ісіне, білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарына, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ерекше мән беруде. Білім берудің жаңа моделі жасалынып, білім жүйесінде жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Мемлекеттік стандарттар жаңартылып, оқу бағдарламалары жетілдіріліп, жаңа типтегі оқу орындары ашыла бастады. Сонымен қатар, білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болуда. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғалық дамуын қойып отыр. Бұл ретте балалар мен оқушы жастарға жан-жақты тәлім-тәрбие берудің маңызы арта түседі. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін тудырады», - деп атап көрсетілген. Сондай баға жетпес құндылықтардың бірі-халықтың рухани қазынасы, ұлттық асылдары: ана тілі, төл мәдениеті, тарихи жады, салт-дәстүрлері. Бұл құндылықтар негізінен рухани-адамгершілік тәрбие арқылы беріледі. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі мақсаты - ұлттық сана сезімі оянған, рухы биік, мәдениеті терең, парасатты, ар-ожданы мол, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Бұл-білім беру саласының да, отбасы институтының да, жалпы қазақстандық қоғамның да жауапты міндеті. Білім беру саласында қалыптасқан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді. Білім беру жүйесіндегі басты міндет халықтың барлық деңгейлер мен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімдігін кеңейтумен айқындалды. Осыған байланысты білім саласындағы күш жігер оның сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталуы тиіс. Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен іліспе мақсат үздіксіз

білім беру принципін еңгізу болып табылады. Сапа мынадай аспектіде қарастырылады: қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгерішіл дамуын қамтамасыз ететін бірінғай ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпыәлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Жаңарудың әрбір кезеңіне жеткілікті ресурстық қамтамасыз етумен қолдау көрсетілуге тиіс. Ғаламдық білім беру үлгісінің қазіргі әлемде үлкен болашағы бар, ол көп ұлтты және түрлі мәдениетті болғандықтан, тез өзгеріп отырады және қайта өзгеруге дайын. Ғаламдық білім беру идеясы адамды еркін, шығармашыл тұлға ретінде ашуға, оның бойында өмір сүретін әлемнің қазірі мен болашағына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Қазіргі таңда Қазақстан тәрбиелі және креативті жетекшілерге өте мұқтаж. Мұндай сапалы жетекшілерді қалыптастыру үшін біздің елге қажетті білім беру саласында білім беру бизнесін құру және дамытуды жалғастыру қажет. Бұл экономика секторын приоритетті кадрлармен қамтамасыз ету үшін, бәсекелестік жағдайына адамдарды үйретуге, шығармашыл және дербес болуға, өзінің бәсекеге қабілетті өнімін өткізуге және өндірістің перманентті жаңаруына дайын болуы қажет. Көптеген шетел тәжірибелері, оның ішінде Ресей де, шаруашылық ортадағы білім беру бизнесі шаруашылық ойлаудың жақсы типтерін қалыптастыруда экономика қажеттілігін объективті қанағаттандырады; Шаруашылық ойлаудың жаңа типі елімізде шаруашылықтың озық типтерін бекітуге қабілетті (әлемдік тәжірибе мен стандарттарды ескере отыра) топ-менеджер, маркетинг, жаңаша жетекшілерді дайындауға тікелей бағытталған. Қаржыландыру мәселелерінде шетел мемлекеттерінің тиімді тәжірибелерін есепке алу қажет. Бұл проблемалар дамыған елдерде әлдеқашан шешілген: ақылы білім алу-мемлекет компетенциясында, мемлекеттің өзі қоғам мүддесін ұсынушы және жүзеге асырушы. Қазақстанда білім беру жүйесі өкінішке орай толық қаржыландырылмаған. Бұл күрделі жағымсыз нәтижеге әкелді: білім берудің материалдық-техникалық базасының жағдайы күрт төмендеп кетті. Жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі азайды, ал кейбіреулерінде – мүлдем тоқтатылды, нәтижесінде жоғарғы оқу орны ғылымының дамуы түбегейлі бұзылды. Қазіргі заман адамзаттың алдына шешімін күткен әртүрлі күрделі проблемаларды тартып отыр. Соңғы кезде баспасөз бетінде жиі көтеріліп жүрген жаһандандудың да енді ғана ұлттық мемлекетін құрып, жоғалтып ала жаздаған ана тілі мен салт-дәстүрін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алған қазақ сияқты шағын ұлттар үшін қатерлі құбылыс болмағанымен, рухани болмысымызды қайта қалыптауға кедергі болатындығы сөзсіз. Алайда жаһандану уақыт талабынан туған, объективті құбылыс. Сондықтан әлем елдері арасында тек экономикалық байланыстар ғана нығайып қоймай, өзара ақпараттар алмасу, мәдени байланыстар да бұрын-сонды болмаған жоғары деңгейде жүруде көтеруде. Ғаламдасу-жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Ғаламдық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үрдісі ғаламдасуға алып келмей қоймайды. Өз кезегінде аймақтық қоғамдасу этникалық тұтастықтағы елдер арасында да болмақ. ХХІ ғасыр басында шетелдік білім беру жүйелерінің көпшілігі үлкен өзгерістерге ұшырады немесе қайта құру үдерісінде. Егер жетекші әлемдік мемлекеттердің білім беру жүйесін талдайтын болсақ, келесі жаһандық тенденцияларды анықтауға болады.

білім беру философиясын жаңарту;

жалпы орта және кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітіп, жетілдіру;

халықтың барлық қабаты үшін білім берудің қол жетімділігін кеңейту.

білім беруді басқарудың тиімдірек тәсілдерін іздеу.

оқу орындарының түрлерін, олардың меншік түрлерін әртараптандыру.

білім беруді ақпараттандыру және оқытудың баламалы жаңа технологияларын жасау.

ХХІ ғасыр өмірдің сапалы түрде басқа жағдайын өтумен белгіленді. Ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында адамзат жаңа кезең ақпараттық кезеңге өтті. Аграрлық және индустриалдық кезең орнына «үшінші толқын» постиндустриалдық кезең келді, оның басты құраушылары нарықтық экономика, ашық демократиялық қоғам дамуы, байланыс құралдарының: Интернет, компьютерлік технологияның жаппай енуі бұрынғы Кеңес одағы кеңістігіндегі елдер үшін тіршіліктің барлық саласының түбегейлі өзгерісін білдірді. Егер батыс қоғамы өзгеріске дайын болса, ТМД елдері үшін өмірдің жаңа тәсілі жаңалық болатын. Бәсекелесуші және жаһанданған әлем жағдайында бекіп, пайдалы позицияларды жоғалтпау үшін жүздеген қайта құрулар жасалып, мыңдаған жаңа заңдар мен заң жобалары қабылданды. ТМД елдерінің арасында Қазақстан бірінші болып Болон үдерісіне қосылды, жоғары білім берудің несиелік жүйесіне. 12 жылдық білім беру және міндетті мектепке дейінгі оқыту жүйесіне өтті, үздіксіз білім беру немес өмір бойы білім алу бағдарламасын қабылдады. Білім беру саласы жай қозғалып қойған жоқ. ХХІ ғасырда нарық экономикасына көшіп, жаһанданып жатырған әлем талабында білім берудің басқа жүйесі талап етілді. Яғни, белгілі білімі, дағдысы, икемі бар мамандарды дайындаудың ескі түрінің орнына білікті модель келді. Енді білім түрлі өмірлік жағдайда әрекет етуге мүмкіндік беретін құралға айналды. Жаңа әдіс оқытудың жаңа әдістері мен жаңа білім беру технологияларын талап етеді. Бұл технологиялар фундаменталды және қолданбалы ғылымдар жетістіктерінің бірігуі негізінде пайда болады. Мұндай жетістіктердің басымдылығы ретінде информатика, жалғыз ақпараттық жүйе жасау, Интернеттің пайда болуы, бұлардың барлығы адамдардың араласуына әсер ететін болашақ мамандарды әлем мен адамды тұтас түсінуге, адамды адамзатпен, тұтас космоспен үйлесімділікте қабылдауға бағыттайтын оқытудағы жаңа әдістер мен әдістемелерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұрын болмаған рухани және антропологиялық дағдарысты бастан өткізе отырып, білім берудің қазіргі жүйесі қайта жаңғыра бастады. Жалғыз білім беру жүйесінің қалыптасу үдерісі жүріп жатыр, білімді, интеллектті кәсіби адамның жаңа идеясы қалыптасуда. 1-ден, фундаменталды, шекті және арналған пәндерді оқу негізінде кең көлемді жоғары білікті маман, 2-ден, құралға емес, мақсат ретінде

қоғамға (адамға) ұмтылатын түр. 3-ден, қалыптасқан экологиялық сана деңгейінде өзінің табиғатқа қатынасын сезетін жаңа білімді адам құратын осы үш негізгі бөліктер жаңа білім беру жүйесінің үш негізгі парадигмасын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында білім беруді реформалау қоғамның әлеуметтік өмірдің демократиялық принциптеріне өтуімен болжанады, жобаланады. Бұл, өз кезегінде білім беру парадигмасы мен советтік кезеңдегі дүниетаным негіздерімен салыстыра отыра, жаңа үлгіні талап етеді. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалар бұл - өмірдің жақсаруына, жаңа формация ұрпағының тәрбиесі мен демократиялық идеялардың алға басуына бағытталған. Қазақстандық білім беру жүйесі қазіргі кезде шиеленіскен жағдайда, одан шығудың жолы тек рухани-адамгершілікті адам цивилизациясына өту болып табылады. Бұл жасаушы адам дәстүрлі ғылыми қойылымдар шеңберінен шығып, жақсы шешімдер мен технологиялар құруға қабілетті. Адам-жасаушы қызметі тұрғысынан педагогикалық процестердің барлық компоненттерін қайта бағалауды талап ететін жаңа педагогикалық ойлардың негізгі білім беру гуманизациясы. Ол адамның рухани құндылықтарын қалыптастырудың міндеттері кешенін құрайды. Және бұл білім берудің мұнан былайғы перспективасы ретінде қарастырылады. Бұл бағытқа бағдарламамен қамтамасыз ету технологиясы, теория, методология, концептуалды негіздерін өңдеу, білім беру гуманизациясы (жаңа перспективті оқу бағдарламаларын, жоспарларын, оқулықтарын өңдеу) және білім беру жүйесінің проблемаларын талдауға қатысты жүйелеу.

Қазір ғылым мен білім беруді біріктіру қажет, өйткені бұл қазіргі цивилизацияны дамытудың жалғыз жолы. Және бұл жерде өткен жылдар тәжірибесін қамту қажет. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалау жүйесінде қазақ тілі мен халықтың мәдени дәстүрлерін үйрену, сонымен қатар осы бағытта басқа да шаралар өткізіп, курстар ұйымдастыру үлкен маңызға ие. Жаһандық жағдайында мәдени бірігу жағдайы болмай қалмайды, сондықтан еуропалық білім беру мен дәстүрлілігін сақтау арасындағы байланысты сақтау өте маңызды. Оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану, көптеген аналитиктер мен білім беру саласындағы мамандар пікірінше, алдыңғы қатарлы университеттер мен институттардың ғылыми және білім беру потенциалын белсенді қолдануға, дистанционды оқыту курстарын құруға мықты оқытушыларды шақыруға, оқушылар аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ол тұрғылықты жеріне қарамастан, мамандарды кең көлемде дайындауға және қайта даярлауға мүмкіндік береді.

Әлемдік білім берудегі артықшылық- үздіксіз білім беру жүйесі [А.А. Гагаев, П.А. Гагаев. Русские философско-педагогические учения XVIII-XX веков: Культурно-исторический аспект. - М., 2002. - С. 73].

Білім беру адамның тартып алмайтын құқықтарының орындалуы, тұрмыс дәстүрінің бөлігі ретінде қарастырылады, сондай жағдайда ғана маман дайындалады. Бұл мақсатта оқытудың интенсивті әдістемелері қызмет етеді: компьютер құралдары, ақпараттың қажеттілігі және т.б. білім беру интернационализациясының тенденциялары анықталды. Білім беру ұлттық шекарада шектеліп қалмайтын, универсалды болуы тиіс деген түсінік өсіп келеді. Бірақ бұл үшін білім беру формаларының диверсификациясынан айырмайтын, білім беру саласында мықты мемлекеттік саясат, талапқа сай жоспар, бағдарламалар қажет.

Бұдан басқа, Қазақстанда кәсіпкерлер класының қалыптасуында білім беру бизнесі қызметтері маңызды роль атқарады, ол қазіргі білім беру жүйесінде отандық және шетел істер әлемімен қажетті байланыспен қамтамасыз ете алады. Орта кластар санының өсуі мен қазақстандық кәсіпкерліктің әлеуметтік базасының кеңеюі кадрларды дайындауда білім беру бизнесі компонентінің маңызын, яғни экономиканы басқаруды көтереді. Білім беру саласындағы перспективті инновациялық жобаларды жүзеге асыруда маңызды қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар кездеседі. Білім беру жүйесін реформалау негізгі сұраққа жауап берген жағдайда ғана мүмкін: біз кімді және неге тәрбиелеп, оқытқымыз келеді? Бұдан басқа білім беруді реформалаудың көптеген жобаларында тіпті оқыту және тәрбие процесінің мазмұнды жақтарына қатысты жобаларда білім беру процесінің құрамындағы негізгісі қайсы екендігі анықталмаған. Міне, сондықтан да инновациялық жобалар өз принциптерінің бір-біріне қайшы келетіндіктерінен зардап шегеді. Солай бола тұра олардың көпшілігінде адамгершілік, әдептілік, рухани өсу идеялары айтылмайды. Инновациялық бағдарламаларда қажеттілік пен пайдалылық үйлесімін тапқан жағдайда ғана мәселенің шешімін табады. Дүниетанымның қалыптасуына келетін болсақ, бұл мәселе әлі толық талқыланбаған, талқылаудың тек алғашқы сатысында тұр. Білім беруді реформалаудың бағдарламалары мен тәжірибелерінде әлі де білімді дамыту, кәсіби дағдыларды өңдеу, өтпелі өмірге тез бейімделудің азаматтық жауапкершілігі мен икемділіктері туралы айтылады. Әрине, мұндай міндеттер дәлелденіп отыр, дегенмен қазіргі білім беруде дүниетанымдық параметр жетіспейді, оның ішінде – қазақстандық білім беру жүйесі де. Білім берудің кез-келген реформасы - бұл ең алдымен білім беру мазмұнының реформасы.

Қорытынды: Қорыта келе, қазіргі заман талабында жоғары білім беру жүйесі адам жаңа өмір-медиа-мәдениетке өту процесіндегі жетекші мәдени институттардың бірі болып табылады. Қазақстан үшін қоғамның инновациялық жаңғыруы мен модернизациялану бағдарламаларының орындалуы кезеңінде ең маңыздысы білім беру саясатын, оның ішінде жоғары білім беруді жетілдіру міндеті тұр. XXI ғасырда нарық экономикасына көшіп, жаһанданып жатырған әлем талабында білім берудің басқа жүйесі талап етілді. Жаһандық тенденцияларды анықтауға болады.

- білім беру философиясын жаңарту;
- жалпы орта және кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітіп, жетілдіру;
- халықтың барлық қабаты үшін білім берудің қол жетімділігін кеңейту.
- білім беруді басқарудың тиімдірек тәсілдерін іздеу.
- оқу орындарының түрлерін, олардың меншік түрлерін әртараптандыру.

білім беруді ақпараттандыру және оқытудың баламалы жаңа технологияларын жасау, жаңа білім беру жүйесінің үш негізгі парадигмасын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Masterman L. *Teaching the Media*. London: Comedia Publishing Group, 1985, - 341 p.
2. Нарбекова Г. Образовательная политика Республики Казахстан: проблемы и перспективы //Аль-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. - Алматы, № 2 (38) /2012, - с.104
3. Возчиков В.А. *Философия образования и медиакультура информационного общества*.- Автореф. дисс. д.филол.н.- СПб., 2007.- С.4.
4. ҚР Білім беру мен Ғылым Министрлігінің философия және саясаттану Институтының докторанты Р.А.Нуртазинаның «Международный опыт интеграции образования: интеграция образования Казахстана в условиях глобализации» ғылыми еңбегі
5. *Новейший философский словарь / Сост. А.А. Грицанов. — Мн.: Изд. В.М.Скакун, 1998. —С. 1083.*
6. А.А. Гагаев, П.А. Гагаев. *Русские философско-педагогические учения XVIII-XX веков: Культурно-исторический аспект*. - М., 2002. – С. 73.